«Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

20 шілде 2026 жыл **Орал қаласы**

Талданатын объект: «Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының 8 бабының 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2025 жылғы 28 мамырдағы №20-н/к «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Басқарма басшысының бұйрығы негізінде өткізілді.

Талданатын кезең: 01.07.2025 – 30.06.2026 жж.

Талдау жүргізу уақыты: 09.06 - 09.07.2026 жж.

1.Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау

Басқарма құрылымы 8 мемлекеттік қызметкерден (басшы - 1, бас маман-есепші - 1, діни бірлестіктермен жұмыс бөлімі-3, мониторинг және ақпараттық талдау бөлімі – 3) және 3 штаттан тыс техникалық қызметкерден (іс-жүргізуші-1, хатшы-1, көлік жүргізуші-1) тұрады, бос орындар-жоқ, теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

01.07.2025 – 30.06.2026 жж. аралығында атқарып отырған лауазымынан босатылған мемлекеттік қызметшілер – 3 (1 бөлім басшысы, 2 бас маман, оның ішінде 2 өз еркеммен, 1 басқа мемлекеттік органға ауысуына байланысты). Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақталуын бұзған фактілер анықталған жоқ.

Басқарма қызметкерлерін кадрлық тағайындау Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 15-бабы 1 тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде және Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы тексеру жүргізгеннен кейін заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Талданып отырған кезеңде жұмыстан шыққан қызметшілер – 2 (1-басшы, 1 бас маман), жаңадан қабылданып, тағайындалған қызметші – 1 (1 бас маман).

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Басқарма қызметкерлерімен акциялар, пайлар, жеке кәсіпкерлікпен айналысу фактілері орын алған жоқ.

Басқармада коммерциялық ұйымдардың құрылтайшылары болып табылатын, сондай-ақ осы ұйымдардың басқару органдарының құрамына кіретін мемлекеттік қызметшілер жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер 2025 жылға арналған кірістері мен мүліктері туралы декларациялары Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мерзімде тапсырған.

Талданып отырған кезеңде Басқарманың мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

2. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау барысында Басқарма қызметін реттейтін нормативтік-құқық актілер зерделенді. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс әкімдігінің қаулыларына, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Басқарманың Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 97 «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы жеке және заңды тұлғаларға 4 мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1) «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу»;

2) «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру»;

3) «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру»;

4) «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру».

Қызметтерді көрсету барысында артық құжаттарды талап ету, қызмет нәтижесінің мерзімін бұзу фактілері анықталмады.

5.Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 97 «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Баскарма мемлекеттік қызметтер көрсетеді. 01.07.2025 – 30.06.2026 жж. аралығында «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет бойынша 7 миссионерлік қызметтен өтініш түсіп, барлығына куәлік берілді; «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік қызмет бойынша 2

өтініш түсіп, **1** өтініш қанағаттандырылды, **1** өтініш аталған мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларының 2-қосымшасының 11-тармағының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (ақпараттың) дұрыс еместігі анықталуына байланысты Жаңақала ауданы, Қызылоба ауылында мешіт салуға және оның орналасатын жерін айқындауға қатысты өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Артық құжат талап ету, мерзімі бұзушылық орын алмады.

6. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Басқарманың Ережесіне сәйкес бақылау функциялары жоқ.

7. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу. Мемлекеттік сатып алу қызметі

Басқарманың 2025 жылға бекітілген бюджеті **269.001 «Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бадарламасы** бойынша – 207 563,0 мың теңге, нақтыланғаны (түзетілгені) 224 617,0 мың теңге, орындалуы 224 616,3 мың теңге немесе 100% құрады.

Бұл қаражат штат саны 8 мемлекеттік қызметші, 2 техперсонал және 1 жүргізуші бар аппаратты ұстауға, кеңсе тауарларын сатып алуға, автокөлік және ұйымдастыру техникасын жөндеу және қызмет көрсетуге, ұйымдастыру техникасы үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, ел ішіндегі іссапар шығыстарына, телефон байланысы мен интернет қызметтеріне, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға, әлеуметтік зерттеулер жүргізуге бағытталды.

2025 жылы әлеуметтік маңызы бар «Батыс Қазақстан облысы тұрғындары, соның ішінде діндар азаматтар мен жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және қарсы іс-қимыл бағытында ағарту және түсіндіру жұмыстары, діни радикалды идеолошиядан жапа шеккендерге көмек көрсету жұмыстары және қоғамда Қазақ халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарына сай келетін сананы қалыптастыру бағытында іс-шаралар өткізу» қызметін көрсету бойынша жұмыстар негізгі 3 бағытта жүргізілді:

1.Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары: 36 279 адамды қамтыған 373 шара;

2. Оңалту бағытында 633 адаммен 831 жеке кездесу өтті, нәтижесінде 66 адам қазақстандық қоғамдық құндылықтарына бейімделді, одан бөлек 19 адам бұрынғы деструктивті діни көзқарасынан бас тартты.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары және интернет, әлеуметтік желілер арқылы жұмыстар: 17 000 000 астам қаралым жинаған 574 материал шығарылды.

Батыс-Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты түзету мекемелеріндегі жазасын өтеуші діндар азаматтармен оңалту бағытында «БҚО Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдар арасында радикалды идеологияның таралуын алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар ұйымдастыру» атты мемлекеттік әлеуметтік жобасы 2025 жылдың қазан айында іске қосылды.

Жобаға 3 теолог, 2 психолог, 1 тарихшы, 1 әлеуметтанушы маман жұмылдырылды. Аталған мамандармен 158 жеке сұхбат (82 теологиялық, 76 психологиялық), тарих және әлеуметтану бағытында 30 дәріс, 4 көпшілік-мәдени іс шара (2 спорттық, 2 кинотерапия) өткізілді. Сонымен қоса, жоба шеңберінде республикалық деңгейдегі дін саласының мамандары Ж.Ишмаханов, Т.Нүсіпханұлы, М.Тойғановтың, И.М.Абдисамат, Т.Алиевтің қатысуымен жазасын өтеушілер арасында радикалды идеологияның алдын алу бағытында рухани-ағарту және бейімдеу шаралары өткізілді. Нәтижесінде 11 адам

қазақстандық қоғам құндылықтарына бейімделді.

Жоғарыда аталған қызмет көрсетулер бойынша қарастырылған іс-шаралар жұмыстарын жүргізуге жалпы сомасы 143 233,0 мың теңгеге шарт жасалды. Барлық шаралар жоспар бойынша толығымен өткізілді, орындалуы 100% құрады.

Сондай-ақ, "БҚО-дағы діни ахуалдың мониторингі" және "БҚО жастарының діндарлық деңгейі" тақырыптарына 2 әлеуметтік зерттеулер жүргізу қарастырылды. Шаралар өткізілді, қаражат толығымен игерілді.

Облыс прокуратурасы 2022-2024ж. және 2025ж. өткен мерзімінде діни экстремизм және терроризмнің алдын алуға бөлінген бюджет қаражатын жұмсау тиімділігінің заңдылығын, заңнама талаптарының сақталуы бойынша Басқармаға тексеру жүргізді. Тексеру нәтижесінде бюджет қаражатын жұмсауды жоспарлау сатысында заң бұзушылықтарға жол берілгені, сәйкесінше тиімсіз жұмсалғаны анықталды.

Тәуекел: Аталған факт бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің, оның ішінде қаражатты тиімсіз жұмсауға әкеп соғуы мүмкін тәуекелдердің орын алғанын көрсетеді.

Осыған байланысты прокуратура тарапынан аталған заңдылықтың бұзылуын жою және алдағы уақытта болдырмау шараларын қабылдауды, оның ішінде заңнама бұзушылығын жасаған тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы ұсыну енгізілді.

Қабылданған шара:Аталған ұсынуға сәйкес, Басқарма басшысының 2026 жылғы 23 қаңтардағы сәуірдегі №1-14/3-к бұйрығымен діни бірлестіктермен жұмыс бөлімінің басшысы А.Қаратайға ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Ұсыным: анықталған кемшіліктердің қайталануына жол бермеу үшін жауапты қызметкерлермен бюджет қаражатын тиімді әрі нысаналы пайдалану, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

269.003 «Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы жоспар бойынша 2 978,0,0 мың.теңге болғанда, орындалуы 2 960,1 мың теңгені немесе 99,4% құрады.

Қаражат Басқарманың кломпьютерлер базасын жаңарту мақсатында 1 736,1 мың теңгеге компьютерлер (3дана – моноблок, 1 дана – ноутбук) сатып алынды. Сонымен қатар, Басқарманың кеңсе жиһазын да жаңарту мақсатында 350, мың теңгеге 5 дана бұрыштық кеңсе үстелі, 692,0 мың теңгеге 10 дана креслолар және үнемделген 182,0 мың теңгеге 1 жиһаз жинағы (құжаттарға және киімдерге арналған шкаф, келушілерге арналған үстел) алынды.

Осы бюджеттік бағдарлама бойынша қарастырылған қаражаттың орындалуы 99,4 пайызды құрады, 17,9 мың теңге қалдық сома мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша пайда болды.

2026 жылға бекітілген бюджет жоспарға сәйкес 222 797,0 мың теңге. Нақтыланғаны 30.06.2025ж. жағдай бойынша 223 964,0 мың теңге.

Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулардың сәйкестігі.

Бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы 31.12.2025 жылғы жағдайға сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешек жоқ.

30.06.2025 жылғы жағдай бойынша кредиторлық берешектер пайда болды: бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек 1,0 мың

теңге, жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек 5455,9 мың теңге, қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек 297,6 мың теңге .

Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасымен 2025 жылы 157 366,5 мың.тенгеге 40 келісім шарт жасалды, оның ішінде:

- баға ұсынысы арқылы: 20 келісім шарт 2 253,8 мың теңгеге;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден: 12 келісім шарт 5 533,7 мың теңгеге;
- тікелей қорытынды арқылы бір көзден: 4 келісім шарт 145 243,0 мың теңгеге;
- ашық конкурс арқылы: 2 келісім шарт 2 600,0 мың теңгеге;
- электронды магазин арқылы: 2 келісім шарт 1 736,0 мың теңге

01.01.-30.06.2026 жыл аралығы бойынша 24 келісім шарт 150 091,8 мың теңге;

- баға ұсынысы арқылы: 9 келісім шарт 749,2 мың.тенгеге;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден: 7 келісім шарт 11 138,4 мың.тенгеге;
- тікелей қорытынды арқылы бір көзден: 6 келісім шарт 137 809,3 мың.тенгеге;
- ашық конкурс арқылы: 2 келісім шарт 394,9 мың теңгеге.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Батыс Қазақстан облысының дін істері баскармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайдарды жою бойынша 1 ұсыныс анықталды.

Анықталған кемшіліктердің қайталануына жол бермеу үшін жауапты қызметкерлермен бюджет қаражатын тиімді әрі нысаналы пайдалану, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Жұмыс тобы:

Діни бірлестіктермен жұмыс бөлімінің бас маманы **А. Досмагамбетова**

Бас маман-есепші **Н. Насенова**

Мониторинг және ақпараттық талдау бөлімінің басшысы **Е.Исан**

Таныстым: _____

Басқарма басшысы **А.Тапишев**

Батыс Қазақстан облысының дін басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

20 шілде 2026 жыл **Орал қаласы**

Талданатын объект: Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Орталық).

Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасының 02.06.2026 жылғы № 1-10/28-НҚ бұйрығы негізінде Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрылды:

1. Бабаханов А.А. – Басшы орынбасары;
2. Нұржігіт Л.Б. – Бас есепші;
3. Абдувалинов Д. - Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің дінтанушы маманы;
4. Закаева М.С. - Медиа және стратегиялық коммуникациялар бөлімі басшысының міндетін атқарушы;

Орталық 4 бөлімнен тұрады: оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бөлімі, медиа және стратегиялық коммуникациялар бөлімі, «YNTYMAQ» конфессияаралық келісім бөлімі.

Талданатын кезең: 01.07.2025 – 30.06.2026 жж.

Талдау жүргізу уақыты: 09.06 - 09.07.2026 жж.

1.Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Орталықтың қызметкерлер саны - 27, оның ішінде 1 бірлік қосымша персонал, ал 1 бірлік техникалық персонал, нақты саны -19.

Бос жұмыс орындарына кандидаттарды іріктеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының» талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтық қызметші лауазымына кандидатты іріктеу кезінде қажетті бейін бойынша білімі, кәсіптік даярлық деңгейі, сондай-ақ азаматтық қызметшіге қойылатын БҚО дін істері басқармасының "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігі негізгі талаптар болғандықтан, конкурс бойынша еңбек шартын жасасу және бұйрық шығару арқылы тағайындау тәртібімен жүзеге асырылады.

2025 жылдан бастап мекемеде кадрлық процестерді цифрландыру шеңберінде "Единая кадровая система" (ЕКС) енгізілді, оның аясында барлық қызметкерлердің жеке деректері, кадрлық қозғалыс, бұйрықтар мен өзге де кадрлық құжаттар жүйеге енгізіліп, автоматты түрде тіркеледі. Бұл шара кадрлық рәсімдердің ашықтығы мен бақылауын едәуір арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

01.07.2025 - 30.06.2026 жж. жағдайы бойынша - қызметкердің бастамасы бойынша 10 адам жұмыстан босатылды, 8 бірлік - бос орын, оның ішінде 1 бірлік бала күтіміне байланысты демалысы. Қазіргі таңда 5 бос орынға конкурс жарияланды.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

Талдау кезеңінде Орталық қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығы туралы мәліметтер анықталған жоқ.

ҰСЫНЫМ: Кадрлық шешімдердің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында кадрлық рәсімдерге кезеңдік ішкі мониторинг жүргізу, қызметкерлерді бағалау және қызмет бойынша жоғарылату кезінде меритократия қағидаттарының сақталуын тұрақты бақылау, кадрлық процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жыл сайын қайта бағалау ұсынылады. Бұдан бөлек, кадрлық жұмыстарға жауапты қызметкерлердің және құрылымдық бөлімше басшыларының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне енгізілген өзгерістерді практикалық қолдану мәселелері бойынша біліктілігін жүйелі түрде арттыру ұсынылады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бос лауазымдарға орналасу, мемлекеттік сатып алуды өткізу және мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде жақын туыстары (ата-аналары/ата-анасы, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде мүдделер қақтығысының болу деректері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫМ: Мүдделер қақтығысының туындау тәуекелдерін төмендету мақсатында қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу, мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау және реттеу тетіктерінің тиімділігіне кезеңдік мониторинг ұйымдастыру ұсынылады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік қызмет көрсету жүзеге асырылмайды.

4.Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Орталықта бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

6. Бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу.

Жалпы 2025 жылға 155 416,0 мың теңге бөлінді, жыл соңына 100 пайыз игерілді. 2025 жылғы 31 желтоқсанға бюджетке міндеттемелер бойынша кредиторлық мен дебиторлық берешек болмады. 2026 жылға 224 671,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде ағымдағы күнге 86867,1 мың теңге игерілді. Кредиторлық берешек -1236,8 мың теңге, ал дебиторлық берешек жоқ.

Ұсыным: Бюджет қаражатын жоспарлау мен игерудің тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізу, кредиторлық берешектің туындау себептеріне талдау жасап, олардың ұлғаюына жол бермеу бойынша алдын алу шараларын қабылдау, сондай-ақ қаржылық тәртіптің сақталуына ішкі бақылауды күшейту ұсынылады.

7.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен 2025 жылғы 1 шілдеден – 2026 жылғы 30 маусым аралығында бектіліген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жалпы сомасы 72 962 076,00 теңгеге 49 келісім шарт жасалды, оның ішінде:

- баға ұсынысы арқылы: 18 келісім шарт 7 010 523,00 теңге;
- өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 13 келісім шарт 33 313 132,32 теңге, Конкурс 2 келісім шарт 675175,44 теңге. Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден 16 келісім шарт 31963245,24 теңге.

Талдау барысында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын бұзу анықталған жоқ.

ҰСЫНЫМ: Мемлекеттік сатып алу веб-порталына мемлекеттік сатып алулар туралы заңнама, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары мен қағидалары негізінде жұмыс істейтін жасанды интеллект көмекшісін енгізу ұсынылады. Бұл пайдаланушыларға жедел әрі нақты ақпарат алуға, заңнама талаптарын дұрыс қолдануға, техникалық қолдау қызметіне түсетін жүктемені азайтуға, адами фактордан туындайтын қателіктердің алдын алуға, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

8.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Орталықта мемлекеттік органдар және басқа ұйымдармен ақпарат алмасу бойынша «Documentolog Business» құжат айналым жүйесі және жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштермен жұмыстану бойынша «Е-өтініш» АЖ бойынша жүйелер жұмыс жасайды.

ҰСЫНЫМ: Азаматтардың өтініштерін қарауға жауапты қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, өтініштерді қарау тәртібі және қызметтік әдеп талаптары бойынша тұрақты оқыту іс-шараларын ұйымдастыру, сондай-ақ өтініштерді қарау мерзімдерінің сақталуына ішкі бақылауды күшейту ұсынылады.

9.Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

«Е-өтініш» АЖ бойынша жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштер саны - 4 өтініш. Барлық өтініштер бақылауға алынып, заңнамамен көзделген мерзімдерінде жауаптары берілді. Орталық басшысы және орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауы бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Басшысының 2026 жылғы 1 сәуірдегі №19-ж/қ бұйрығымен медиа және ақпараттық кеңістікті мониторингілеу бөлімінің инспекторы Т.Муратовқа «Кибернадзор» және «Контр» жүйелеріндегі нормативтік жұмыстарды уақытында және толық көлемде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

ҰСЫНЫМ: азаматтардың өтініштерін қарайтын жауапты мамандарға және бөлім басшыларына Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларын түсіндіру бойынша құзыреттін органдардың қатысуымен оқыту ұйымдастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде Орталық қызметінің талданған бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін жүйелі сипаттағы тәуекелдер анықталған жоқ. Сонымен қатар жекелеген бағыттар бойынша ішкі бақылау тетіктерін жетілдіруді және профилактикалық жұмысты күшейтуді талап ететін факторлар айқындалды.

Осыған байланысты:

- кадрлық рәсімдердің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету және еңбек заңнамасының талаптарын сақтау бойынша ішкі бақылауды жетілдіру;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу;
- мемлекеттік сатып алу мен бюджеттік жоспарлау процестеріне ішкі бақылауды күшейту;
- жауапты қызметкерлердің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, мемлекеттік сатып алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама бойынша біліктілігін тұрақты арттыру;
- ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету **ұсынылады.**

Жұмыс топтың құрамы:

Басшының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары
Бабаханов А.А._____

Бас есепші
Нұржігіт Л.Б._____

Медиа және стратегиялық коммуникациялар бөлімі басшысының міндетін атқарушы
Закаева М.С. _____

Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің дінтанушы маманы
Абдувалинов Д.О._____